

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2003 жылғы 4-5 ақпандағы Италия Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 112-өкiмi

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2003 жылғы 4-5 ақпандағы Италия Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және Қазақстан-Италиян ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2003 жылғы 4-5 ақпандағы Италия Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 м а м ы р д а ғ ы
N 1 1 2 ө к і м і м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2003 жылғы 4-5 ақпандағы Италия Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтардың іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Орындау мерзімі	Орындау үшін жауаптылар
1	2	3	4

1 Қазақстан Республикасының 2003 жылдың Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Италия IV тоқсаны Көлік және
Республикасының Үкіметі коммуникациялар
арасындағы Жолаушылар мен министрлігі
жүктерді автомобиль көлі-
гімен халықаралық тасымал-
дауды өзара реттеу туралы
келісімнің күшіне енуі үшін
қажетті мемлекетішілік

рәсімдерді орындау

2 Қазақстан Республикасының 2003 жылдың Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Италия Рес- III тоқсаны Білім және ғылым
публикасының Үкіметі министрлігі, Қазақстан
арасындағы Білім, ғылым Республикасының Мәдениет,
және мәдениет саласындағы ақпарат және қоғамдық
ынтымақтастық бағдарлама- келісім министрлігі
сының жобасын жасасуға

дайындау

3 Италия Республикасы 2003 жылдың Қазақстан Республикасының
Министрлер Кеңесінің ішінде Сыртқы істер министрлігі
Төрағасы С.Берлусконидің
Қазақстан Республикасына
ресми сапарын ұйымдастыру

және өткізу

4 Мұнай-газ секторындағы Қазақстан Республикасының
ынтымақтастықты дамыту: Энергетика және
минералдық ресурстар
Қашаған газын қайта өң- 2003 жылдың министрлігі, Қазақстан
деуге бағдарланған газ ішінде Республикасының
өңдеу зауытының құрылысын Қоршаған ортаны қорғау
бастау үшін қажетті инфра- министрлігі,
құрылымдық объектілерді "Қазмұнайгаз" ҰК" жабық
құру; акционерлік қоғамы
Қарашығанақ кен орнын (келісім бойынша)
толық ауқымда жайластыру
жөніндегі, соның ішінде
Қарашығанақ-Үлкен Шаған-
Атырау мұнай құбырын
пайдалануға беруді қамти-

тын жұмыстарды аяқтау;
 Қарашығанақ пен Қашаған Тұрақты
 кен орындарының экология-
 лық проблемаларын шешу;
 "Nuovo Pignone" компания-
 сының компрессорларын
 пайдалана отырып, Қара-
 шығанақ кен орнындағы
 қабаттық қысымды ұстап
 тұру үшін газды кері
 тартуды жүзеге асыру;
 Қашаған кен орнындағы
 қабаттық қысымды ұстап
 тұру үшін газды кері
 тарту мүмкіндігін зерттеу;
 Қашаған кен орнындағы
 күкіртті кәдеге жарату

мәселелерін шешу

- 5 Ядролық қауіпсіздік Қазақстан Республикасының
 және бұрынғы Семей ядролық Денсаулық сақтау
 полигоны өңірін оңалту министрлігі,
 саласындағы ынтымақтастық: Қазақстан Республикасының
 Қоршаған ортаны қорғау
 потенциалды қауіпті өнім- 2003 жылдың министрлігі,
 дерді және гендік инженерия ішінде Қазақстан Республикасының
 өнімдерін әкелу мәселелері Сыртқы істер министрлігі
- бойынша ақпараттар алмасу;
 көрсетілген өңірде аурухана-
 лар салу және жабдықтау
 жөніндегі жобаларды Италиян

тарапына жолдау

- 6 Ауыл шаруашылығы саласын- Қазақстан Республикасының
 дағы ынтымақтастықты одан Ауыл шаруашылығы
 әрі дамыту: министрлігі, Қазақстан
 Республикасының Индустрия
 жеткізіп беру, атап Тұрақты және сауда министрлігі
- айтқанда, экологиялық
 таза Қазақстан астығының
 қатты сорттарын жеткізу

үшін ұсынылатын өнімдердің
номенклатурасын қоса алғанда,
ауыл шаруашылығы мәселелері
жөнінде ақпараттық материал-
дармен алмасу;
Қазақстан және Италиян фир-
маларының тараптар ұйымдас-
тыратын ауыл шаруашылығы
жәрмеңкелері мен көрмелеріне
қатысуы;
Италиян тарапына ауыл шаруа-
шылығы саласындағы Қазақстан

инвестициялық жобаларын жолдау

- 7 Туризм саласындағы ынтымақ- Қазақстан Республикасының
тастықты дамыту: Туризм және спорт
Қазақстан халықаралық туристік жөніндегі агенттігі,
жәрмеңкелеріне Италиян туристік Тұрақты Қазақстан Республикасының
ұйымдарының қатысуы; Индустрия және сауда
туризм инфрақұрылымының дамуына министрлігі
инвестициялар тарту үшін Италиян
тарапына инвестициялық жобаларды
жолдау;
Қазақстанның туристік сала
кадрларын даярлау және қайта

даярлау жөніндегі ынтымақтастық

- 8 Батыс Қазақстан облысы мен Батыс Қазақстан облысының
Лацио өңірі арасындағы ынты- әкімі, Қазақстан
мақтастықты дамыту: Республикасының Индустрия
және сауда министрлігі
ауыл шаруашылығы, жиһаз Тұрақты
өнімінің өндірісі саласындағы,
тоқыма саласындағы және қаржы

саласындағы ынтымақтастық

- 9 Құрылыс саласындағы ынтымақ- Қазақстан Республикасының
тастық: Индустрия және сауда
министрлігі,
Италиян тарапына Астана Тұрақты Астана қаласының әкімі
қаласында жаңа объектілерді
салу жөнінде іске асыру жос-

парланып отырған жобалар,
оларды іске асыруға қатысу
шарттары туралы ақпарат

жіберу

10 Италияда Қазақстан туралы Қазақстан Республикасының
және Қазақстанда Италия Мәдениет, ақпарат
туралы телехабарлар циклін және қоғамдық келісім
ұйымдастыру: министрлігі
тиісті материалдарды 2003
дайындау үшін телетоптармен жылдың

алмасу ІІІ тоқсаны

11 Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының
ынтымақтастық: Білім және ғылым
министрлігі
И т а л ь я н т а р а п ы н а
Қазақстан-Британ техникалық 2003 жылдың
университетін жабдықтармен ішінде
жаратқандыру жөніндегі
ж о б а л а р д ы ж о л д а у